

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2005 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1418 Қаулысы 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2005 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 30 желтоқсанға дейін Ресей Тарабына дипломатиялық арналар арқылы Қорытындыны жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1418 қаулысымен
бекітілген

**"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын
ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың
2005 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды**

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Тарабы ұсынған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2005 жылға арналған жоспарларын, сондай-ақ "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2005 жылға арналған жоспарын келіседі.

Көрсетілген Келісімде "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне бөлінбейтін

жақсартулар енгізудің кезекті жылға арналған жоспары, сондай-ақ ағымдағы жылғы осындай жоспардың орындалуы туралы есепті Ресей Тарабының келісуге ұсынуы көзделмеген. Осыған байланысты ұсынылған "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне бөлінбейтін жақсартулар енгізу жоспары 2005 жылы және "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне бөлінбейтін жақсартулар енгізу туралы есеп 2004 жылы қарауға қабылданбады.

"Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне бөлінбейтін жақсартулар енгізуді келісу үшін көрсетілген Келісімнің 2-бабына сәйкес "Байқоңыр" кешенінің жаңа объектілерін салу және пайдаланылып жүргендерін қайта жаңарту жобаларын ұсыну талап етіледі.